

**«География» пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
(2026 жылдан бастап қолдану үшін)**

Тест мақсаты: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастыру үшін география пәнінен білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттарының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген) талаптарына сәйкес география пәні бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Географиялық зерттеу әдістері	01	Жалпы географиялық әдістер. Зерттеулер және зерттеушілер
02	Картография және геоинформатика	02	Картография
		03	Геоинформатика негіздері
03	Физикалық география. Табиғатты пайдалану және геоэкология	04	Литосфера
		05	Атмосфера
		06	Гидросфера
		07	Биосфера
		08	Табиғи-аумақтық кешендер
		09	Табиғатты пайдалану және геоэкология
		10	Геоэкологиялық зерттеулер негіздері
04	Әлеуметтік география.	11	Халық географиясы
05	Экономикалық география. Геоэкономика	12	Табиғи ресурстар
		13	Әлеуметтік-экономикалық ресурстар
		14	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы
		15	Дүниежүзі шаруашылықтың даму үдерістері мен көрсеткіштері
		16	Геоэкономика негіздері
06	Елтану және саяси география негіздері. Геосаясат	17	Дүниежүзі елдері
		18	Дүниежүзі аймақтары
		19	Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері
		20	Геосаясат негіздері
07	Адамзаттың ғаламдық проблемалары	21	Ғаламдық проблемаларды шешу

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:

Тесттегі тест тапсырмаларының қиындығы үш деңгейде берілген: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест география пәні бойынша 40 тест тапсырмасынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмасы;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмасынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмасы;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмасы бар.

Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:

Тест тапсырмалары түсушілердің география пәні бойынша білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмасын орындау уақыты: тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 2 минутты құрайды.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу Қағидаларының 18-тармағына (ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі».